

**Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 4 қазандағы № 37/5 "**  
**Солтүстік Қазақстан облысында іске асырылуы жоспарланатын жергілікті**  
**мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының 2019-2021 жылдарға арналған тізбесін**  
**бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 9 маусымдағы № 43/9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 маусымда № 6358 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Заңының 24-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысында іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының 2019-2021 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" 2019 жылғы 4 қазандағы № 37/5 шешіміне (2019 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5604 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

Солтүстік Қазақстан облысында іске асырылуы жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының 2019-2021 жылдарға арналған тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихат сессиясының төрағасы*

*Солтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихатының хатшысы*

*В.Притчин*

*В.Бубенко*

Солтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихаты 2020 жылғы  
9 маусымы № 43/9 шешіміне  
қосымша

Солтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихатының 2019 жылғы  
4 қазандағы № 37/5 шешімімен  
бекітілді

## Солтүстік Қазақстан облысында іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының 2019-2021 жылдарға арналған тізбесі

№ р/ с	Атауы
1	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының білімдік кәсіби-техникалық мекемелерінде омарташыларды оқыту
2	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының білім беретін мекемелері мектеп асханаларының мүлкін жаңғыртылу және пайдалану үшін сенімді басқаруға беру
3	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласындағы "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Олимпиада резервінің мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін 244 орынға арналған жатақхана салу
4	Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласындағы "Ғабит Мүсірепов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық бала-жасөспірім кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кітапханалық-білімдік кластер құру
5	Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау объектілеріндегі жабдықты жаңғырту
6	Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылындағы "Петерфельд орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін жаңғырту және пайдалану үшін сенімді басқаруға беру
7	Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында оңалту орталығын құру
8	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны үшін 244 орындық жатақхана салу және пайдалану
9	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Жамбыл көшесі, 82 мекенжайында орналасқан "Олимп" облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дәмхана-асханасының мүлкін жаңғырту және пайдалану үшін сенімді басқаруға беру
10	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу зауытын салу және пайдалану
11	Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының "Новоникольское-Андреевка-Бостандық-Новомихайловка" автомобиль жолына кірумен Есіл өзені арқылы көпір салу